

ҚЫТАЙ УНИВЕРСИТЕТІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАДЫ



2025 жылғы 22 қыркүйекте Алматы қаласында «Қытай – Қазақстан ЖОО ректорлар форумы» өтті. Форумға Қытайдың Сычуань провинциясының үздік төрт университеті және Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындары қатысты. Форум аясында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Қытай халық республикасының Сычуань университеті арасында ынтымақтыстық туралы меморандумға қол қойылды. Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Әбілтайұлы Бөрібаев пен Сычуань мемлекеттік университетінің ректоры Чжао Гоуа бірлескен қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу, студенттер мен оқытушылар арасында академиялық алмасу, ортақ ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру мәселелерін талқыланды. Ермек Әбілтайұлы бұл ынтымақтастық екі елдің арасында орнаған және жыл сайын нығайып келе жатқан достық қарым-қатынастың жалғасы екенін және білім мен ғылымды бірлесіп дамытуға басымдық берілетінін атап өтті. Өз кезегінде Сычуань университетінің ректоры Чжао Гоуа мырза меморандум аясында болашақ мамандарды даярлауда, ғылым саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға және қазақстандық студенттерді қолдап, оқу гранттарын бөлуге дайын екенін жеткізді. 1896 жылы құрылған Сычуань университеті бүгінде Қытайдың үздік 30 ЖОО-ның қатарына кіреді. Университетте 55 мыңнан астам студент, білім алып 5 мыңнан астам профессор-оқытушы, еңбек етуде. Сычуань университеті математика, жаратылыстану, IT-технологиялар, педагогика бағыттары бойынша бакалавр, магистратура мен докторантура бағдарламалары бойынша мамандарды даярлайды. Сонымен қатар жыл сайын Орта Азия елдерінің студенттеріне 150-ге жуық оқу грантын тағайындайды.



«FRESHMAN PARTY: ЖЕТИСУ STYLE»

СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ КЕШІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Freshman Party: Жетісу Style» атты 1 курс білімгерлерін студенттер қатарына қабылдау кеші өтті.

Бұл – университет табалдырығын жаңа аттаған жастар үшін ерекше әсерге толы ұмытылмас кеш болды.

Басқарма Төрағасы – Ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Бөрібаев студенттерді құттықтап, 1 курс білімгерлеріне салтанатты түрде университет туын табыстады.

«Құрметті студенттер, Сіздерді Жетісу университетінің студенті атануларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Жетісу университетінде оқу – тек жаңа білім алу ғана емес, жаңа достар табу, жаңа армандарға қанат қағу. Әр күндеріңіз сапалы білім мен жарқын естеліктерге толы болсын», – деді ректор.

Кеш барысында студенттерге білім ордасында түрлі бағытта жұмыс жасайтын шығармашылық топтар мен клубтар таныстырылды. Сондай-ақ, әлемдік додаларда топ жарып жүрген спортшылар мен әр салада табысты қызмет етіп, университет мақтанышына айналған тұлғалар есімі аталды.

1 курс білімгерлері атынан Мадина Талғатбек пен Ульяна Федорович студенттік АНТ қабылдады.

Мерекелік жиын облыстық филармония әншілерінің қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында білім ордасына 1911 білім алушы қабылданды. Оның 1586-сы бакалавриат студенті болса, 285-сі магистрант, 40-ы докторант.





Ермек Бөрібаев, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор.

Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы еңбек нарығы мен өндірісті түбегейлі жаңғыртып білім беру жүйесіне де елеулі әсерін тигізуде. Әсіресе жасанды интеллекттің жедел өркендеуі қоғамның әр саласына ықпал етіп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктермен қатар, зор жауапкершілік те жүктеп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің негізгі тетіктері ретінде цифрлық жаңғырту, жасанды интеллекттің жаппай енгізу және кең көлемді цифрландыру үдерістерін ерекше атап өтті. Аталған бағыттар Қазақстанның барлық саладағы әлеуетін еселеп арттыратын стратегиялық басымдық ретінде бағаланды. Бұған дейін де Мемлекет басшысы еліміздің кадрлық әлеуетін нығайту мақсатында жасанды интеллект саласындағы мамандарды даярлауға арналған AI-Sana бағдарламасын кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынған болатын. Бағдарлама білім беру, ғылыми зерттеу және стартаптық бастамаларды дамыту үдерістерін ұштастыратын серпінді экожүйе

AI-SANA – ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

қалыптастыруға негізделген.

Бұл бастама цифрландыру, автоматтандыру және жаңа технологияларды өмірдің барлық саласына енгізумен қатар, еңбек нарығындағы түбегейлі өзгерістер мен кәсіби сұраныстың жаңа форматын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы мақсатта Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы аясында «Мамандығым – болашағым» жобасын іске қосты. Жоба шеңберінде Жетісу өңірінің жаңа мамандықтар атласы әзірленіп, онда құрылыс материалдары, тоқыма, тамақ өнеркәсібі, аккумулятор өндірісі сынды жетекші салаларға қажетті жаңа мамандықтар нақтыланды. Сонымен қатар жаңа экономиканың талаптарына

сәйкес робототехника, экологиялық менеджмент, цифрлық логистика, 3D модельдеу, «ақылды» жолдарды жобалау, смарт-маталар өндірісі, тіпті эмоционалды күйді басқару сияқты бағыттар да қамтылды. Мұндай жаңа мамандықтардың пайда болуы еңбек нарығын жаңғыртып қана қоймай, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл үдерісте жаңа мамандықтарды қалыптастырумен қатар, білім беру жүйесіне заманауи технологияларды енгізу де маңызды рөл атқарады. Осыған сәйкес жасанды интеллектті пайдалану білім беруді жекелендіру мен тиімділікті арттыруға бағытталған саналы қадам болып отыр. ЖИ студенттің үлгерімін нақты уақыт режимінде талдауға, жеке оқу траекториясын құруға, қиындықтарды алдын ала болжауға және оқу бағдарламаларын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Алайда, ЖИ оқытушыны алмастырмайды, керісінше оның шығармашылық және тәлімгерлік рөлін күшейтеді.

Осы тұрғыда Жетісу университеті «AI-Sana» жобасын іске асырып, оқыту мен басқарудың жаңа цифрлық моделін қалыптастыруды көздеуде.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің флагмандық бастамасы ретінде университет ресми түрде зекірілік жоғары оқу орны мәртебесіне ие болды.

Оқу орнының стратегиялық бағыттарының нәтижесі ретінде қазіргі таңда 5400-ден

астам студент арнайы курс бағдарламасын меңгеріп, жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану бойынша сертификатқа ие болды.

Алдағы уақытта университет ЖИ негізіндегі бес агентті енгізуді жоспарлап отыр. Бұл агенттер оқу материалдарын автоматты әзірлеу, студенттердің үлгерімін талдау және оқытушы еңбегін оңтайландыру міндеттерін атқаратын болады.

Мемлекет басшысы соңғы Жолдауында: «Жасанды интеллектімен жұмыс істеу күзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс. Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет. Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады» - деп атап өтті.

Осы бағытта I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті – өңірдегі педагог мамандарды даярлайтын бірден-бір білім ордасы ретінде жасанды интеллект пен ақпараттық технологияларға бағытталған бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыруда.

Атап айтқанда, «6B06104 – Smart жүйелерді жобалау», «6B06103 – Ақпараттық жүйелер архитектурасы», «6B06102 – Ақпараттық жүйелер» мамандықтарының студенттері «Интеллектуалды робототехникалық жүйелер», «ARDUINO ортасында бағдарламалау», «Нейрондық желілер», «Big Data», «Жасанды интеллект», «Интернет заттар (IoT)», «Машиналық оқыту», «Блокчейн технологиясы», «CASE-технологиялар негізіндегі автоматтандырылған жобалау» сияқты пәндерді меңгеруде. Бұған қоса, барлық мамандықтардағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінде SMART технологиялар мен ЖИ тақырыптары кеңінен қамтылған.

2024-2025 оқу жылында университетте жасанды интеллект (ЖИ) бағыты бойынша бірқатар маңызды бастамалар іске асты. Smart жүйелер мен жасанды интеллект институтының (ISSAI) мамандары профессор-оқытушылар мен жас ғалымдарға семинарлар өткізіп, жасанды интеллектті қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ, қысқы және жазғы мектептерде семинарлар ұйымдастырылып, ай сайынғы «Педагогикалық шеберлік» іс-шарасында ЖИ құралдарын білім беру процесіне интеграциялау жолдары талқыланды.

Университет жанынан Жасанды интеллект

және виртуалды шындық зертханасы ашылып, Huawei компаниясымен стратегиялық серіктестік орнатылды. Келісім аясында университетке арнайы жабдықталған кабинет беріліп, екі оқытушы шетелде кәсіби біліктілігін арттырды.

Жетісу университетінде жас ғалымдар да ЖИ саласына белсенді атсалысуда. «Jas Galym – 2025» байқауында «Кіріктірілген жасанды интеллект бар дауыстық көмекші әзірлеу» жобасы жеңіске жетіп, 2 000 000 теңге көлемінде грант иеленді. Стартап байқауында студенттер «Жасанды интеллект көмегімен мультипликациялық фильмдер жасау» атты әзірлеме ұсынды. Ал университет оқытушысы Райгүл Желдібаева «Жас Ғалым» байқауында «Тілдік емес мамандық білім алушыларының академиялық ағылшын тілін меңгерудегі көмекшісі ретінде жасанды интеллект: рандомизацияланған сынақ» тақырыбындағы жобасымен жеңімпаз атанды.

Жоғары білім беруді модернизациялау аясында университет базасында жасанды интеллект және Виртуалды шындық зертханасы ашылып, Физика-математика факультетінде Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасы құрылды.

2024-2025 оқу жылында барлық бакалавриат бағдарламаларына «Жасанды интеллект негіздері» пәні, ал магистратура мен докторантураға арналған білім беру бағдарламаларына «Жасанды интеллектпен оқытудың заманауи тәсілдері», «Басқарудағы сандық технологиялар», «Бизнес зерттеулеріндегі жасанды интеллект және деректерді талдау», «Жасанды интеллект және зияткерлік меншік», «Жасанды интеллекттің экономикалық үдерістерге әсері» сияқты пәндер мен модульдер енгізілді.

Сонымен бірге университетте ғылыми зерттеулердің цифрландырылуы қолға алынған.

Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының, зертханалардың және ғалымдардың зерттеу нәтижелері кезең-кезеңімен цифрлық форматқа көшіріліп, арнайы Цифрлық ғылыми порталға жүктелуде. Бұл бастама ғылыми деректердің қолжетімділігін арттырып, зерттеу қызметін жүйелеуге мүмкіндік береді.

«AI-Sana» жобасы аясында Жетісу университеті білім беру мен ғылымды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған нақты қадамдар жасап отыр. Бағдарлама мыңдаған студент пен жас кәсіпкерге ЖИ-дің қыр-сырын меңгеріп, оны өз кәсібінде тиімді қолдануға жол ашуда.

Жетісу университеті алдағы уақытта осы жобаға қосылу арқылы жасанды интеллектті терең меңгерген сапалы маман даярлауға басымдық береді. Өйткені жасанды интеллектке негізделген оқыту жүйесін қалыптастыру тек университеттің жетістігі ғана емес, еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына бағытталған маңызды қадам болып саналады.

ИНКЛЮЗИЯНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Мүмкіндігі шектеулі адамдарды интеграциялау және әлеуметтік бейімдеу үрдістері мен перспективалары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы педагог қызметкерлер мен мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің Базалық ұйымының Қоғамдық кеңесі, халықаралық ғылыми қауымдастық өкілдері, инклюзивті, арнайы, кәсіптік-техникалық және жоғары білім беру, қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен педагог қызметкерлері, білім беру басқармасы органдарының басшылары мен мамандары, мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін ұйымдардың өкілдері, докторанттар, магистранттар, студенттер қатысты. Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – пәнаралық және халықаралық диалог арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуі мен инклюзивті білім беру ортасын дамытуға ықпал ету.



«Түзету педагогикасы институты» ФМБФМ директоры, п.ғ.д., профессор Л.Кобрина, «ӘБЕО орталығы» ЖШС бас директоры, п.ғ.д., профессор Р.Сулейменова, п.ғ.д., профессор З.Мовкебаева, «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ директоры, қауымдастырылған профессор, PhD Л. Бутабаева, Ы. Алтынсарин атындағы

университетінің білім беру қызметі жөніндегі проректоры, п.ғ.д., профессор Л.Кобрина, «ӘБЕО орталығы» ЖШС бас директоры, п.ғ.д., профессор Р.Сулейменова, п.ғ.д., профессор З.Мовкебаева, «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ директоры, қауымдастырылған профессор, PhD Л. Бутабаева, Ы. Алтынсарин атындағы

БҰА өкілдері және т.б. баяндама жасады. Дөңгелек үстел барысында инклюзивті және арнайы білім беру жүйесін дамытудың; оқудан еңбекке көшу кезеңінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеу мәселелері; мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бейімдеу даярлаудың халықаралық және қазақстандық тәжірибесі; мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы және инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға педагог кадрларды даярлау мәселелері талқыланды. Талқылау қорытындысы бойынша қатысушылар инклюзивті саясатты дамытуға, ведомстваралық өзара әрекеттестікті жетілдіруге және мүмкіндігі шектеулі адамдардың білімге, еңбек пен әлеуметтік бейімделуге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстарымен резолюция қабылданды.

Дөңгелек үстел ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR24993150 «Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бейім алды даярлауға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында ұйымдастырылды.

ЭКОНОМИКАНЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы - заман ағымынан қалыспай, мықты мемлекет, экономикасы дамыған ел ретінде даму үшін өткір мәселелерді шешудің бағыттарын көрсетіп берді деп ойлаймын. Біріншіден, елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға тартуға талас күшейіп барады. Жалпы инвестиция тарту, инвестиция салу экономиканы қарқынды дамытудың негізі. Ал, бүгінде елімізде «жаңа инвестициялық кезең басталды» деп, ел Президентінің атап көрсетуінің мәні мынада: бұрын инвестициялық қаражаттың көбі шикізат өндіру салаларына құйылған. Оған жер қойнауындағы бай табиғи ресурстар қорының мол болуы мүмкіндік берген еді. Мысалы қазба-кен байлықтары, мыс, темір, уран, көмір және т.б. Бұл салаға инвестициялар әлі де қажет, ал енді еліміздің алдағы дамуы шикізатты өндіріп, одан тұтынуға дайын өнімді жасауға, яғни өнімді өңдеу саласына көбірек инвестиция тарту маңызды болып отыр. Ол үшін Үкімет инвестиция саясатына басқаша, яғни, жаңа көзқараспен қарау керек. Мысалы, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беру, ірі инвесторлармен қатар орта және шағын

инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, «инвестицияға тапсырысты» өндірістің сұранысына сай икемдеуге үлкен мән беріlmek. Бұл еліміздің шикізат өндіретін мемлекеттен, тұтынуға дайын, сапалы және бәсекеге қабілетті өнімді экспорттайтын елге айналуына жол ашады деген ойдамын.

Президенттің пайымдауынша, бұл бағытта соңғы бес жылда бірқатар жетістіктер бар. Мысалы, өңдеу өнеркәсібінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 12,4 пайызға жеткен. Былтырдың өзінде 163 жаңа өндіріс іске қосылып, нәтижесінде 12,5 мың тұрақты жұмыс орны пайда болды.

Одан басқа әлем елдерінде ақпараттық технологияны жедел дамыту үшін сирек кездесетін материалдан жасалатын өнімдерге сұраныс артып отыр, бұндай өнімді өндіруге керекті табиғи қор елімізде жеткілікті. Президенттің алдағы үш жыл ішінде тау-кен саласында жоғары технологиялық өнім шығаратын үш кәсіпорынды іске қосуы туралы тапсырмасы қазақстандықтарды қуантатын жағдай. Бұл отандық өңдеу өнеркәсібінің қарқынды дамуына өріс беріп, нәтижесінде елдің әлеуметтік-экономикалық қуатын нығайтпақ.

Ел Президенті ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру туралы өз ойымен бөлісті. Жалпы мемлекет соңғы жылдары бұл салаға тың серпін беру мақсатында реформа

жүргізіп, қомақты қаражат бөлуде. Мысалы, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге қаржы жұмсалған. Соған қарамастан агроөнеркәсіптің зор әлеуетін толық ашуға бұл шаралар әзірге жеткіліксіз болып отыр. Мәселе – қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалануда деді, - Президент. Осыған байланысты «Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Инвестицияның жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады. Үш мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өнімдер әлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет,- деп атап көрсетті.

Енді алдағы уақытта – ауылшаруашылық өнім өсіруден бастап терең өңдеуге дейін жасанды интеллектті қоса алғанда, инновациялар мен ғылыми әзірлемелерді міндетті түрде енгізу арқылы масштабтау – бұл заман талабына туындаған қажеттік болып табылады. Бұл еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін шешуге бағытталған қадам.

Президент осы бағыттағы жұмыстардың бір қыры ретінде жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселесіне назар аударғаны құптарлық іс болды. Осы салаға мониторинг жүргізу барысында 2022 жылдан бастап 13,5

миллион гектардан астам пайдаланылмаған ауылшаруашылық жерлері қайтарылды. Барлық қайтарылған ауыл шаруашылығы алқаптарын тұрақты айналымға тарту арқылы аграрлық өндірісті дамытуға және бұл жайылым тапшылығы мәселесін де шешіп, «ата кәсіп» мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімдерін экспорттауды арттырмақ.

Биылғы Жолдау экономиканың түрлі салаларын дамыту мен модернизациялауда ақпараттық технология мен жасанды интеллект құралдарын жедел және кеңінен енгізу міндетін қойып отыр деген ойдамын. Нәтижесінде осындай анық бағыттардың барлығы жаңа ұлттық стратегиясында біріктіріліп, Қазақстан өзін болашақтың «технологиялық дамыған елі» ретінде жариялайды деген пікірдемін.

Қазір әлем елдері арасында әр түрлі күрделі қиыншылықтар туындап, шиеленісіп отырған заманда кез келген мемлекет, одан шеткері қалмайтыны белгілі. Осындай қиын – қыстау заманда Президент Жолдауындағы бағыттар қиындықтарды еңсерудің құралы деп түсінеміз.

Балқия ШОМШЕКОВА,
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

Құқықтық мемлекет орнықтырудағы парламенттің орны

«Заң шығарушы билік - жүрек, атқарушы билік оның миы», -деп француз философы Жан-Жак Руссо айтқандай, мемлекеттің тіршілігі үйлесімді болу үшін билік тармақтарының әрқайсысы өз функциясын дұрыс атқаруы керек. Заң шығарушы билік – өмірлік энергия көзі болса, атқарушы билік – сол энергияны дұрыс бағыттап, іске асыратын ақыл-ой орталығы. Жүрек – адам өмірін сақтап тұратын негізгі ағза. Қан жүрек арқылы бүкіл денеге тарайды. Сол сияқты заң шығарушы билік те мемлекеттің өмірін қамтамасыз ететін негізгі күш. Парламент қабылдаған заңдар қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттейді, әділеттілікті орнатады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Егер жүрек тоқтаса, адам өмірі де тоқтайды; егер заң шығарушы билік әлсіресе немесе әділетсіз заңдар қабылданса, қоғамдағы тұрақтылық та бұзылады. Сол себептен парламенттің өз қызметін дұрыс атқаруы мемлекетіміздің дамуының негізгі кепілі болады.

Парламент – мемлекеттегі негізгі заң шығарушы билікті жүзеге асыратын орган. Ол қоғамдағы әділеттілік пен құқықтық тәртіпті сақтауда шешуші рөл атқаратыны анық. Парламент заңдарды қабылдау арқылы азаматтардың құқықтарын қорғайды, мемлекет жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. «Парламент» сөзі француз тіліндегі parler – «сөйлеу» дегеннен шыққан. Орта ғасырларда патшалар халықтың әртүрлі топтарын шақырып, маңызды мәселелерді талқылаған. Кейін бұл дәстүр халық өкілдерінің заң шығару қызметіне айналды. Демек, парламент – диалог пен келісім алаңы. Қазақстан Республикасының Парламенті – қос палаталы орган. Сенат пен Мәжіліс заң шығару процесін жүзеге асырады. Бұл құрылым аймақтардың өкілдігін қамтамасыз етеді және шешім қабылдауда теңгерімділікті

сақтайды. Сонымен қатар, Конституция Парламенттің өкілеттігін депутаттардың мәртебесін нақты реттейді.

Парламенттік дәстүрлердің қалыптасуы әр елдің саяси мәдениетіне байланысты. Мәселен, Англиядағы парламент бірнеше ғасыр бойы дамып, биліктің шектелуіне және демократиялық институттардың орнығуына ықпал етті. Сол сияқты Қазақстан да өз жолын таңдады: 1995 жылғы Конституция арқылы қос палаталы Парламент жүйесі бекітіліп, елдің заң шығару процесінде тұрақтылық қамтамасыз етілді.

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы парламенттік реформалар халықтың саяси мәдениетін арттыруға және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған. Парламенттің ашықтығы мен жариялылығы күшейтіліп, халықпен кері байланыс жолға қойылып келеді. Бұл өзгерістер елдің демократиялық дамуына серпін беруде. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуы парламент қызметіне де әсер етуде. Электрондық парламент, онлайн-трансляциялар, депутаттармен тікелей байланыс құралдары халықтың саяси белсенділігін арттырып, қабылданатын заңдардың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Болашақта Қазақстан үшін ең маңыздысы – парламенттік институттардың тиімді жұмыс істеуі ғана емес, сонымен қатар халықтың заң шығару процесіне сенімін нығайту. Өйткені кез келген саяси реформаның табысы қоғамның қолдауына тікелей байланысты.

Осылайша, парламенттің рөлі тек заң қабылдаумен шектелмейді, ол мемлекет пен халық арасындағы сенімділіктің, әділеттіліктің және тұрақтылықтың кепілі болып қала береді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, парламенттік жүйе мемлекет дамуының деңгейін айқындайтын негізгі институттардың бірі. Мысалы, Ұлыбританияда парламент ғасырлар бойы эволюциядан өтіп, бүгінгі күні әлемдегі ең тұрақты

демократиялық орган ретінде танылды. Германияда федеративтік құрылымға байланысты қос палаталы Бундестаг пен Бундесрат аймақтардың мүддесін тең дәрежеде қорғайды. Ал Швеция мен Финляндия сияқты елдерде бірпалаталы парламент сәтті жұмыс істеп, қарапайым әрі тиімді заң шығару жүйесін қалыптастырып отыр.

Қазақстан жағдайында парламенттік институттар біртіндеп жетілдіріліп келе жатқанымен, бірқатар сын-қатерлер де бар. Біріншіден, депутаттардың кәсіби дайындығы мен заң шығару сапасы әрқашан қоғам тарапынан сынға ұшырайды. Екіншіден, саяси партиялардың шынайы бәсекелестігі мен парламенттік көппартиялық жүйенің толыққанды дамуы әлі де өзекті мәселе болып отыр. Үшіншіден, халықтың сенімі мен белсенділігін арттыру үшін парламенттік қызметтің барынша ашық болуы қажет.

Осы сын-қатерлерді еңсеру үшін қоғамдық бақылауды күшейту, жастардың саясатқа қатысуына мүмкіндік беру және цифрлық технологияларды кеңінен қолдану маңызды. Сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескеріп, ұлттық ерекшеліктерге бейімдеу Қазақстандағы парламенттік жүйенің тиімділігін арттыра алады.

2022 жылғы референдумнан кейін елдің саяси жүйесі «Күшті Президент – Әсерлі Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген реформаларға бағытталды.

2025 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев халыққа Жолдауында елдің саяси жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған маңызды бастама көтерді. Ол — қос палаталы парламенттен бір палаталы парламентке көшу. Президент бұл қадамды қоғамның жан-жақты талқылауынан кейін, 2027 жылы референдум арқылы қабылдауға болатынын атап өтті. Сонымен қатар, егер Мәжіліс жалғыз палата ретінде қалса, депутаттарды тек партиялық тізім бойынша сайлау ұсынылды.

Мұндай жүйе заң қабылдауды жеңілдетіп, үдерісті жеделдетеді. Әлемнің көптеген елдерінде (Швеция, Финляндия, Украина, Израиль және т.б.) бірпалаталы парламент тиімді жұмыс істеп келеді. Бұл жүйенің басты артықшылықтары – құрылымның қарапайымдылығы, заңдардың тез қабылдануы, бюджет шығындарының қысқаруы және ашықтықтың артуы. Сондай-ақ қайталанатын функциялар азаяды, ал унитарлы мемлекеттер үшін мұндай модель өте ыңғайлы. Сонымен қатар бір палаталы парламент жүйесіне көшудің қиындықтары мен тәуекелдері де болуы ықтимал. Мысалға өңірлік өкілділіктің әлсіреу тенденциясы орын алуы мүмкін, себебі Сенат парламенттегі аймақтардың мүддесін қорғап келген. Келесі тәуекелдердің бірі - ашықтық пен пікір алуандығы толық қамтамасыз етілмеу салдарынан қоғамдық сенімнің төмен болу қаупі туындауы мүмкін.

Парламент – халық пен биліктің арасындағы негізгі дәнекер. Қазақстан үшін парламенттік институттарды жетілдіру демократияны нығайтып, билік тармақтарының тепе-теңдігін сақтауға ықпал етеді. Қос палаталы немесе бірпалаталы жүйе болсын, басты мақсат – халық мүддесін қорғап, әділетті әрі тиімді заң шығару жүйесін қалыптастыру.

Бұл реформа Қазақстандағы парламенттік институттарды қайта форматтап, заң шығару процесін жеңілдетуі мүмкін. Дегенмен, өңірлік мүдделерді сақтау тетіктерін ойластыру, партиялық жүйенің әділ әрі тең болуы, сондай-ақ қоғамдық пікірді барынша ескеру – реформаның табысты болуының негізгі шарттары. Себебі, парламент – тек заң шығаратын орган ғана емес, ол елдің демократиялық келбетінің айнасы. Қазақстан үшін парламенттік институттарды дамыту – құқықтық мемлекет пен әділетті қоғам құрудағы басты шарттардың бірі.

Галым ТЕЛЕУЕВ,
құқық және экономика
факультетінің деканы,
философия докторы (PhD)

ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТИ МЕН COURSERA ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ҮШІН КҮШ БІРІКТІРДІ

2023 жылдан бастап Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жаһандық білім беру жобасы – Coursera-ға қосылып, студенттерге әлемнің алдыңғы қатарлы онлайн-курстарына жол ашты. Бүгінгі таңда 3000-ға жуық студент түрлі курстардан өтіп, жаңа білім мен дағдыға ие болды.

Оқытудың нәтижесінде табысты студенттік стартап-бастамалар туындады. Олардың қатарында университеттегі цифрлық коммуникациялар саласындағы жобалар (ZU Connect), агроөнеркәсіптік сектордағы (OSIM Agro), туризм саласындағы стартап (GIDMK) бар. Бұл бастамалар алған білімді тәжірибеде қолданудың сәтті үлгісі ретінде республикалық деңгейде мойындалды

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



Жасанды интеллект саласындағы ғылым мен технологияны дамыту және елімізді жаһандық ғылыми-техникалық кеңістікке интеграциялау мақсатында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Жасанды интеллект» апталығы басталды.

Апталықтың ресми ашылуында Физика-математика факультеті «Жасанды интеллект және цифрлық трансформация» іс-шарасын ұйымдастырды. Одан кейін «Білім берудегі жасанды интеллект» тақырыбында семинар өтті. Оған білім ордасының профессор-оқытушылары, магистранттары, студенттері қатысты. Семинар барысында информатика және білімді цифрландыру кафедрасының оқытушылары А. Есейқызы мен Г. Кастеева баяндама жасап, жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөліне тоқталды. Іс-шара соңында «Жасанды интеллект адамды алмастыра ала ма?» тақырыбында қызу пікірталас болды.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ТІЛІ



2025 жылғы 5 қыркүйек күні Астана қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазақ тілі – ғылым мен технология тілі» атты республикалық конференция өтті. Конференция жұмысына Физика-математика факультеті, Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының оқытушы-дәріскері (PhD) Р. Абдуалиева қатысып баяндама жасады.

Конференция аясында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы және Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бастамасымен «Ұлттық диктант» жалпыұлттық жобасы ресми түрде іске қосылды. Конференцияның ресми бөлігі аяқталғаннан кейін қатысушылар аталған жалпыұлттық шараға белсенді түрде қатысты.

«Ұлттық диктант» жалпыұлттық жобасы – жазу мәдениетін жетілдіру, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ тіл арқылы ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған маңызды бастама. Диктант офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылып, оған барлық азаматтың қатысуына мүмкіндік берілді.

ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

2025 жылдың 13-14 қыркүйек күндері Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында Джиу-Джитсудан Орталық Азия чемпионаты өтті.

Чемпионатта І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Дене шынықтыру және өнер факультетінің білім алушылары жоғары нәтиже көрсетті.

Атап айтқанда, Талғатқызы Данагүл әйелдер арасында, ал Кенжебай Дарын жастар арасында 62 кг салмақ дәрежесінде І орынға ие болды.

Халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап, жеңіс тұғырынан көрінген спортшыларымызды шын жүректен құттықтаймыз!

Жетістіктеріңіз толастамасын!



ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің стадионында 1-курс студенттері мен университет қызметкерлерінің құрама командасы арасында футболдан жолдастық кездесу өтті.

Дәстүрлі жолдастық кездесудің мақсаты – студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттыру, білімгерлер мен білім ордасы қызметкерлері арасында ашық қарым-қатынас орнату.

Студенттер командасы өте жақсы ойын техникасы мен тактикасын көрсете білді. Университет қызметкерлерінің құрама командасы да осал қарсылас емес екенін дәлелдеді.

Доп бәсекесінде достық жеңді.

Бұл кездесу – спортты тек жарыс емес, студенттер мен ұстаздарды ортақ мақсатта біріктіретін достықтың көпірі екенін көрсетті.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТИ

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 11-72
Индекс 64568